

Түркістан облысы, Арыс қаласы, Байырқум ауылдық округі

ЖШС «Самұрық» балалар бақшасы

02-16

Педагогикалық кеңес хаттамалары

Бекітемін:
«Самұрық» балалар бақпасы ЖШС
менгерушісі: *Г. Саухимова* Г.Саухимова

2023-2024 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары

Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жана пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы, тәрбие-оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру». Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру». 1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау. 2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы 3. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 4. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру 5. Ағымдағы мәселелер	тамыз	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер
II	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Баршаға қол жетімді сапалы білім». Мақсаты: «Блімді ұлт-сапалы білім» Ұлттық жобасын іске асыру, әдістемелік көмек беру, өзара тәжірибе алмасу. 1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы. 2. «Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» шығармашылық есеп беру. 3. Тақырыптық бақылау : «Құжаттаманы рәсімдеу сапасын бақылау». 4. «Педагогтардың кәсіби шеберлігін бақылау» тақырыптық бақылау қорытындысы 5. Ағымдағы мәселелер	қараша	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер
III	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-коммуникативтік дамуы».	қаңтар	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер

	<p>Максаты:</p> <p>Бес деңгей бойынша педагогтардың кәсіби даярлық деңгейін әлеуметтік-коммуникативтік дамуын, жылдық міндеттерді шешу жолдарын талдау.</p> <p>1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу</p> <p>2. «Заттық-дамытушы ортаның балаларын әлеуметтендірудегі орны».</p> <p>3. «Жас ерекшеліктері бойынша баланың ауру-сырқау нәтижесі»</p> <p>4. Әр түрлі мәселелер</p>		
IV	<p>№4 педагогикалық кеңес тақырыбы:</p> <p>«Мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік эстетикалық дамуы».</p> <p>Максаты :</p> <p>Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін көркемдік-эстетикалық тәрбие-олардың шығармашылық қабілетін дамыту мен әсемдікті түсінуге баулудың негізі болып табылады.</p> <p>1. №3 педкеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы</p> <p>2. «Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту».</p> <p>3. Жан-жақты тексеру: күн бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру.</p> <p>4. Әр түрлі мәселелер</p>	наурыз	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер
V	<p>№5 педагогикалық кеңес тақырыбы:</p> <p>«2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау.»</p> <p>Максаты: әр түрлі топтардағы мектеп жасына дейінгі балалардың ойын процесінде балалар бастамасын педагогикалық қолдаудың ерекшеліктерін талқылау және қарастыру</p> <p>1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы</p> <p>2 «Балалардың бағдарламалық материалдарды менгеруі, өткен оқу жылының есебі».</p> <p>3. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту.</p> <p>4. Ағымдағы мәселелер</p>	мамыр	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер

Орындаған әдіскер:  Ж.Ескараева

"Самұрық" балалар бақшасы" ЖШС

Педагогикалық кеңес

№1 хаттама

Откізілген күні: 28.08.2023 ж

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы, тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
3. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту
4. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру
5. Ағымдағы мәселелер:

I ТЫҢДАЛДЫ: Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі Г.Саухимова педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылы шығармашыл, табысты болсын деп, педагогикалық кеңес төрағасына меңгеруші Г.Саухимова, құрамы тәрбиеші-педагогтар, хатшы тәрбиеші И.Каныбекованы сайлауды ұсынды.

Қаулы етті: Педагогикалық кеңес құрамы мен хатшысы бірауыздан мақұлданып сайлансын.

II ТЫҢДАЛДЫ. Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылау

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева жаз мезгіліндегі сауықтыру іс-шаралары жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 31-мамырдағы №5 хаттамалық шешімімен ұсынылған Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде жасалды. Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер берді. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндеттері басшылыққа алынды.

Жаз мезгіліндегі жазғы сауықтыру жоспары бойынша медбике Ф.Өмірзақтың жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізілді, әдіскер тарапынан басшылыққа алынады. Танертеңгі қабылдау балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын балабақшаның сыртқы кіретін есігіне дейін ертіп алып келіп, балабақша кіріберісінде кезекші педагогтар балаларды қабылдап, топ тәрбиешілеріне табысталды. Тәрбиешілер таңғы жаттығуды таза ауада учаскелерінде жүргізді. Ата-аналарға қазіргі жағдайға байланысты жұкпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берілді. Барлық ұйымдастырылған жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуға мақсатқа жетуге бағытталды,-деді.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

СӨЙЛЕДІ: балабақша әдіскері Ж.Ескараева жылдық жоспармен таныстырып, ондағы алдағы атқарылатын шаралармен қысқаша таныстырып өтті. Жылдық жоспардың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен

жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Тәжірибе көрсеткендей тәрбиешілер балалармен жұмысты қатан жоспарлауға дағдыланған. Алайда, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жеке тұлғаға бағытталған тәсіл әр баланың жеке тәжірибесі мен бүкіл топтың мүдделерін ескере отырып, жоспарлаудың жаңа форматын қажет етеді. Перспективалық жоспарға негізделген білім беру қызметін жоспарлау шығармашылық үшін көбірек мүмкіндіктер, мазмұнды таңдауда белгілі бір еркіндікті қамтамасыз етеді. Балалардың мүдделері өзгертін дамушы орта арқылы сақталады. Топтағы әр бала өзінің жайлы және сенімді сезінеді, бастама, еркіндік алады және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері ғана емес, жеке қызығушылықтары мен мүмкіндіктері де ескеріледі.

Таңертеңгі топтық жиын барысында мектеп жасына дейінгі балалар өздері үшін қызықты іс – әрекеттерді және оны қалай жүзеге асыратындарын, не істейтіндерін өздері таңдайды. Бірлескен талқылауға қатысу оларды таңдау жасауға ғана емес, сонымен қатар қиялды, ташқырлықты көрсетуге, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осы сәтте барлық оқушылар білім беру жағдайына қатысады, - деді.

Қаулы етті: Балабақшаның жылдық жоспары бекітілсін.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартымен және әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: балабақша әдіскері Ж.Ескараева сөз алды. Биыл Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен өзгертіліп, бекітілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады. Негізгі міндеттері, әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру; балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалды, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Мектепке дейінгі ұйым мекемелері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру.

белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
 - әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
 - балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
 - әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық қамытушы ортаны құру.
- Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру, -деді.

V. ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі Г.Саухимова ағымдық құжаттарды бекітуге тоқталып өтті. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын қарау, өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша жобалар дайындау, әр түрлі деңгейдегі сайыстарға, семинарларға қатысу қажеттілігін айтты. 2021-2022 оқу жылында 2 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Балабақшада ауқымды жұмыстардың бірі әдістемелік жұмыс екенін, оны дұрыс ұйымдастыру, дер кезінде педагогтарға әдістемелік көмек көрсетілуі керек екенін айта келіп, әдістемелік кеңес төрайымы Г.Саухимова, хатшысы П.Жунисова, әдістемелік бірлестік жетекшісі Г.Саухимова, хатшысына П.Жунисованы ұсынды. Әдістемелік кеңес отырыстарының шешімдері хаттамамен тіркеліп отырылатынын айтты.

2023-2024 оқу жылында балабақша 75 балаға толықтырылып, құжаттары толтырылғанын айта келіп, топтардағы балалар тізімін бекітуге ұсынды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Тілдер күнін кең түрде атап өту, жұмыс жоспарын бекітіп, топтарда мерекелік шараларды жүйелі ұйымдастыруды қолға алуды тапсырды.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары мен педагогикалық кеңес құрамы бекітілсін.
2. Мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі және тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспары, циклограммалары бекітілсін және әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алып жұмыс жүргізілсін.
3. Әкімшілік және өндірістік жиналыс жоспары бекітіліп, мерімінде өткізілсін.

Педкеңес төрайымы



Г.Саухимова

Педкеңес хатшысы

П.Жунисова

"Самұрық" балабақшасы" ЖШС
Педагогикалық кеңес
№2 хаттама

17 қараша 2023 жыл

Тақырыбы: «Баршаға қолжетімді сапалы білім»

Мақсаты: «Білімді ұлт-сапалы білім» Ұлттық жобасын іске асыру, әдістемелік көмек беру, өзара тәжірибе алмасу.

Күн тәртібі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» шығармашылық есеп беру
3. Тақырыптық бақылау: «Күжаттаманы ресімдеу сапасын бақылау»
4. «Педагогтардың кәсіби шеберлігін бақылау» тақырыптық бақылау қорытындысы
5. Ағымдағы мәселелер

I ТЫҢДАЛДЫ: №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі Г.Саухимова өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып өтті. Балабақшаның жылдық жоспарына сай ұйымдастырылған жұмыстар уақытында жүргізілуде. 2 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Топтардың ата-аналар жиналысы өткізіліп, балабақша күн тәртібімен таныстырылды. Жылдық жоспарға сәйкес әдістемелік жұмыстар жүргізілуде.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» шығармашылық есеп беру

СӨЙЛЕДІ: екінші мәселе бойынша тәрбиеші М.Ахметова сөз алды. Дене тәрбиесі балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды көздейді. Балалардың моторикасы мен дағдыларын уақтылы қалыптастыру, физикалық қасиеттерін дамыту мәдени-гигиеналық дағдылар мен әдеттерді тәрбиелеу, физикалық және ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту, сонымен қатар моральдық қасиеттерді, ерікті мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Дене тәрбиесі мәселелерін сәтті шешудің шарттарының бірі-күн ішінде белсенді қозғалыс белсенділігі. бұл жұмыстың барлық түрлерін кешенді пайдалануды қамтамасыз етеді: дене шынықтыру, таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру минуттары, қимылды және спорттық ойындар, серуендеу, жеке жұмыс, балалардың өзіндік моторикасы, дене шынықтыру және мерекелер. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері балаларды дене шынықтырумен жүйелі түрде оқытудың негізгі түрі болып табылады.

Қаулы етті: Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту бойынша жүргізілген Жұмыстар қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: Тақырыптық бақылау: «Құжаттаманы ресімдеу сапасын бақылау»

СӨЙЛЕДІ: әдіскер – Ж.Ескараева сөз алды. Тәрбиешілер ұсынған құжаттаманы талдау көрсеткендей, жалпы массадағы тәрбиешілер жетіспейтін құжаттаманы қалпына келтірді, кемшіліктерді жойды, қажет нәрсені аяқтады және олардың жаңа оқу жылына дайындығын бағалауға болады, бірақ соған қарамастан кейбір құжаттары жоқ және берілген құжаттамасы сәйкес келмейтін тәрбиешілер бар.

Перспективалық жоспарлау барлық топтарға және жыл бойына жазылған. Барлық тәрбиешілерде өзін-өзі жетілдіру жоспары жазылмаған. Тәрбиешілердің жұмыс бағдарламалары жеке папкаларда жазылған, бекітілген, рәсімделген. Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары жыл бойына жазылған, меңгеруші бекітілген, -деді.

Қаулы етті: құжаттар бойынша толық жұмыс жүргізілсін

IV ТЫҢДАЛДЫ: «Педагогтардың кәсіби шеберлігін бақылау» тақырыптық бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі Г.Саухимова тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін талдау көрсеткендей, барлық педагогтер Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, жас тобының мақсаттары мен міндеттерін, сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс бағыттарын, сөйлеуді дамыту міндеттерін әртүрлі білім беру салаларына біріктіру әдістерін біле бермейді. Сондай-ақ, бастаушы мұғалімдер өз тобының балаларының сөйлеуінің жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып, тиімді әдістер мен әдістерді тандауда қиындықтарға тап болады, әр түрлі режимде балалармен жеке жұмысты ұйымдастыруда қиындықтар туындайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың негізгі құралы ұйымдастырылған сабақтарды көрсететін және сөйлеу ортасын құруға және балалардың жасына сәйкес әртүрлі әдістемелік әдістерді қолдануға назар аудармайтын мұғалімдердің қате пікірін атап өткім келеді.

Балалардың сөйлеуін дамыту үшін топтардың дұрыс ұйымдастырылған пәндік-даму ортасы маңызды. Әр түрлі даму материалы барлық топтарда бар. Сөйлеудің дамуына тақырыптық көрмелері бар барлық топтардағы кітап бұрыштары, театрдың әртүрлі түрлері, рөлдік ойындарда балалардың қарым-қатынасын ұйымдастыруға болатын ойын бұрыштары, табиғат бұрыштары және т.б. балалар бақылаулар, бақыланатын объектілер мен құбылыстарды сипаттау үшін қажетті жаңа сөздермен лексиканы байыта отырып, сөйлесе алады. Топтарда тәрбиешілер балаларға оқуға арналған өлеңдер, әдеби шығармалар жинағын жинады. Балаларға қол жетімді дидактикалық және үстел үсті ойындары бар. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізу үшін

көрнекі-демонстрациялық және үлестірмелі материалдар бар. Балалардың білім беру бағдарламасының мазмұнын игеруін анықтау үшін барлық топтарда балалардың сөйлеудің барлық компоненттерін меңгеруін тексеруді қамтамасыз ететін диагностикалық материал бар.

Алайда, тәрбиешілер театрландырылған іс-шаралар бұрыштарының, киіну бұрыштарының, балалар коллекцияларының, шығармашылық көрмелерінің даму әлеуетін жеткілікті түрде пайдаланбайды, - деді.

Қаулы етті: тақырыптық бақылау қорытындылары қанағаттанарлық.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі Г.Саухимова алдағы жасалатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті. Желтоқсан айында өтетін Тәуелсіздік, Жаңа жыл мерекелеріне дайындық жұмыстары, топтарды мерекеге сай безендіру, ата-аналармен көрмелер ұйымдастыру, педагогтардың аудандық, облыстық деңгейдегі өтіп жатқан сайыстарға қатысуын бақылау туралы айтты.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Педагогтардың құжаттарын дұрыс толтыру басшылыққа алынсын.
2. Педагогтардың кәсіби шеберлігін бақылау барысындағы кемшіліктерді жою бойынша жұмыстарды басшылыққа алу.

Педкеңес төрағасы



Г.Саухимова

Педкеңес хатшысы



Н.Жунисова

"Самұрық" балабақшасы" ЖШС
Педагогикалық кеңес
№3 хаттама

26 қаңтар 2024 жыл

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-коммуникативтік дамуы»

Мақсаты: Бес деңгей бойынша педагогтардың кәсіби даярлық деңгейін әлеуметтік-коммуникативтік дамуын, жылдық міндеттерді шешу жолдарын таңдау.

Күн тәртібі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Заттық-дамытушы ортаның балаларды әлеуметтендірудегі орны»
3. «Жас ерекшеліктері бойынша баланың ауру – сырқау нәтижесі»
4. Ағымдағы мәселелер

I ТЫҢДАЛДЫ: №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: Балабақша меңгерушісі Г.Саухимова өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып өтті. Балабақшаның жылдық жоспарына сай ұйымдастырылған жұмыстар уақытында жүргізілуде. 3 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Топтардың ата-аналар жиналысы өткізіліп, балабақша күн тәртібімен таныстырылды. Жылдық жоспарға сәйкес әдістемелік жұмыстар жүргізілуде.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Заттық-дамытушы ортаның балаларды әлеуметтендірудегі орны»

СӨЙЛЕДІ: Екінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Ескараева сөз алды. Қазіргі заманғы балабақша – бұл баланың дамуы үшін өмірдің маңызды салаларында ересектермен және құрдастарымен кең эмоционалды-практикалық өзара әрекеттесу тәжірибесін алатын орын. Заттық дамытушы ортасы мектеп жасына дейінгі баланың өзіне деген сенімділік сезімін қалыптастыруға, бекітуге ықпал етеді, оған өз қабілеттерін сезінуге және пайдалануға мүмкіндік береді, олардың тәуелсіздігін, бастамашылығын, шығармашылығын көрсетуге ынталандырады. Дұрыс ұйымдастырылған заттық-дамытушы ортасы-бұл баланың жеке басының толық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі. Заттық дамытушы орта жағдайында бала өз қызметін таңдау еркіндігіне құқығын жүзеге асырады.

Заттық дамытушы ортасын құруда әр топтың ерекшеліктерін ескеру өте маңызды: Жас, даму деңгейі, қызығушылықтары, бейімділігі, қабілеттері, жыныстық құрамы, балалардың жеке сипаттамалары. Арнайы ұйымдастырылған орта белсенділікке белсендіруші әсер ете алады, өзін-өзі оқытуға ықпал етеді, баланың әртүрлі іс-әрекеттердің субъектісі ретінде қалыптасуын ынталандырады, өзін-өзі растауды, таңдау еркіндігін және іс-әрекеттің бағытын қамтамасыз етеді.

Біріншіден, бұл баланың дамуының белгілі бір кезеңінде оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет. Екіншіден, байытылған пәндік орта жағдайындағы іс-әрекет балаға қызығушылық танытуға, қызығушылық танытуға, қоршаған әлемді мәжбүрлесіз білуге, танымды шығармашылық тұрғыдан түсінуге ұмтылуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл кеңістіктің мөлшері мен ұйымдастырылуы баланың жас ерекшеліктерімен байланысты екенін ескеру қажет. Заттық-дамытушы ортасы балаларға белсенді мақсатты және әр түрлі іс-шаралар үшін мүмкіндігінше үлкен мүмкіндіктер беру мақсатында құрылады және баланың мектепке дейінгі даралығы мен тұтас дамуын қолдаудың тиімді құралы болып табылады, сонымен қатар балалардың іс-әрекетін тікелей ұйымдастырушы ретінде қызмет етеді және тәрбие процесіне әсер етеді, - деді.

Қаулы етті: Балаларды әлеуметтендіруде заттық-дамытушы орта толықтыру.

III ТЫҢДАЛДЫ: Жас ерекшеліктері бойынша баланың ауру – сырқау нәтижесі.

СӨЙЛЕДІ: Медбике Ф.Әмірзақ сөз алды. Аурушандықты талдау және балабақшада медициналық журналдар жүргізу үшін арнайы бағдарламалық жасақтаманы пайдалану ыңғайлы.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде балалардың аурушандығының алдын алуға бағытталған профилактикалық шаралар өте алуан түрлі. Негізгі профилактикалық шараларға дене шынықтыру минуттары, гимнастиканы, тұрақты серуендерді үнемі өткізу кіреді.

Маусымдық тұмау және ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың жоғарылауы кезінде (көктем және күз-қыс кезеңдері) балабақшаларда қосымша алдын алу шаралары енгізіледі. Бұл шаралардың негізгі міндеті - балалар денесінің қорғанысын арттыру. Тамақтануды дұрыс ұйымдастыру үлкен маңызға ие. Мәзірде ақуыздар мен микроэлементтердің нормативті құрамы бар тағамдар ғана емес, сонымен қатар көкөністер, жемістер, табиғи шыршындар, сондай-ақ йодталған тұз болуы керек. Көбінесе ыдыс-аяқтарды қосымша С-витаминдеу жүргізіледі, - деді.

Қаулы етті: Жас ерекшеліктері бойынша балалардың ауруын алу жұмыстарын жандандыру.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: балабақша менеджерісі Г.Саухимова алдағы жасалатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Балаларды әлеуметтендіруде заттық-дамытушы орта толықтыру.

Педкеңес төрағасы



Г.Саухимова

Педкеңес хатшысы



Н.Жунissoва

"Самұрық" балабақшасы" ЖШС
Педагогикалық кеңес
№4 хаттама

29 наурыз 2024 жыл

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік эстетикалық дамуы»

Күн тәртібі:

- | | |
|---|-----------|
| 1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы | Меңгеруші |
| 2. «Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту» (өз тәжірибесімен бөлісу) | тәрбиеші |
| 3. Жан-жақты тексеру: Күні бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру | меңгеруші |
| 4. Ағымдағы мәселелер | меңгеруші |

І ТЫҢДАЛДЫ: №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі Г.Саухимова өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып отті. Балаларды әлеуметтендіруде зағтық-дамытушы ортаны толықтыру жұмыстары жүргізілуде.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту» (өз тәжірибесімен бөлісу)

СӨЙЛЕДІ: Келесі мәселе бойынша тәрбиеші А.Батырхан сөз алды. Шығармашылық бастама табиғатта әр адамға тән, оның дамуын мүмкіндігінше ертерек бастау өте маңызды. Біздің балабақшада шығармашылықты дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Ең маңызды міндеттердің бірі-мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту үшін қолайлы білім беру ортасын, оңтайлы психологиялық-педагогикалық жағдайларды құру. МЖМБС-ның басым талаптары ретінде балалардың жасына және жеке ерекшеліктері мен бейімділіктеріне сәйкес дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауды, әр баланың қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамытуды ұсынады. Мен өзімнің практикалық қызметімде осы таланты жүзеге асыруға тырысамын. Нәсіктен баланың шығармашылығын дамыту маңызды деп санаймын?

Біріншіден, шығармашылықтың белгілі бір деңгейі-бұл психикалық денсаудықтың көрінісі. Шығармашылық адам белсенді, оның өмірге деген қызығушылығы жан-жақты және сарқылмайды. Екіншіден, әлемге шығармашылық көзқарасымен көп нәрсе оңай ғана емес, сонымен бірге берік де сіңіріледі. Үшіншіден, біздің қоғам белсенді, өз бетінше ойлай алатын азаматтарға мұқтаж. Төртіншіден, мұны балабақшадан бастау керек, өйткені мұны мектепте жасауға кеш, өйткені кез-келген қабілет мектепке дейінгі жаста пайда болады, - деп қысқаша айтып өтті.

Қаулы етті: Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту жұмыстары қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: Жан-жақты тексеру: «Күні бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру»

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова сөз алды. 2024 жылы 26-27 наурыз аралығында "Балалардың күні бойғы қызметін ұйымдастыру" тақырыбында жедел бақылау жүргізілді. Осы мақсатта топтарға барып, тәрбиешілердің күнделікті жоспарлауын бақылау және тексеру нәтижесінде жедел бақылау картасы толтырылды. Бұл картада талдау үшін келесі сұрақтар ұсынылды: Тәрбие-білім беру жұмысының жоспарына сәйкес бірлескен қызметті ұйымдастыру. Бірлескен қызмет барысында әдістер мен әдістерді қолданудың орындылығы. Күні бойы балалардың танымдық белсенділігі. Күні бойы әр түрлі іс-шаралар. Қызметтің бір түрінен екіншісіне ауысуды ұйымдастыру. Өз бетінше әрекет ету кезінде балаларды жұмыспен қамту. Күні бойы қозғалыс белсенділігі режимін сақтау. Осы сұрақтарға сүйене отырып, қорытынды жасауға болады. Барлық жастағы балалар мен тәрбиешілердің бірлескен қызметін ұйымдастыру әрдайым тәрбие және білім беру жұмысының жоспарына сәйкес жүргізілмейді. Күнделікті жоспарлауда көрсетілген әдістер мен тәсілдерді қолдану барлық жас топтарындағы бірлескен іс-шаралар барысында әрдайым орынды бола бермейді, - деді.

Қаулы етті: Тәрбиешілер күнделікті жоспарлауға жауапкершілікпен қарау.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова алдағы жасалатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Топ тәрбиешілері күнделікті балалардың танымдық белсенділігін және дербес іс-әрекет кезінде балалардың жұмыспен қамтылуын жақсарту.

Недкенес төрайымы



Г.Саухимова

Недкенес хатшысы



Н.Жунисова

"Самұрық" балабақшасы" ЖШС
Педагогикалық кеңес
№5 хаттама

29 мамыр 2024 жыл

Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау.

Мақсаты: әр түрлі топтардағы мектеп жасына дейінгі балалардың ойын процесінде балалар бастамасын педагогикалық қолдаудың ерекшеліктерін талқылау және қарастыру.

Күн тәртібі:

- | | |
|--|-----------|
| 1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы | менгеруші |
| 2. «Балалардың бағдарламалық материалды менгеруі, өткен оқу жылының есебі» | әдіскер. |
| 3. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту | менгеруші |
| 4. Ағымдағы мәселелер | менгеруші |

I ТЫҢДАЛДЫ: №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: балабақша менгерушісі Г.Саухимова өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы барысына тоқталды. Педагогтер мектеп жасына дейінгі балаларда бастама көрсету үшін дамытушы заттық - кеңістіктік ортаны толықтырып отырды. Білім бөлімінің бұйрығына сәйкес "Заттық дамытушы орта мен тәрбиеленушілердің үйлесімді дамуы" тақырыбында қалалық тәжірибелік семинар өткізілді. Педагогтер іс-әрекет тәсілдерін, мақсатқа жету жолдарын игеруге бағытталған қажетті мотивацияны құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бастамаларын қолдауды жүзеге асырады.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес отырысы шешімінің орындалуы қанағаттанаралық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Балалардың бағдарламалық материалды менгеруі, өткен оқу жылының есебі»

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева сөз алды. Оқу жылының соңында тәрбиешілер бағдарламалық технологиялық кешенге сәйкес мектепке дейінгі білім берудің бейімделген білім беру бағдарламасының мазмұнын игерудің жоспарланған нәтижелеріне балалардың қол жеткізуіне мониторинг жүргізді. Оқу жылының басында тәрбиеленушілерден бастапқы диагностика алынды. Нәтижесінде төмен деңгейдегі балалардың үлесі-4,9%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі-36,2%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-58,9%-ды көрсетті. Балалар қызметінің барлық түрлері бойынша мектепке дейінгі балалардың дамуын талдау топта бағдарламалық материалдың орындалғанын көрсетті.

Қаулы етті: қорытынды даму мониторингтің деңгейі қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Балабақша әдіскері Ж.Ескараева жазғы-сауықтыру кезеңіне жоспар құрылды, ауданы қоғалдаңдыру бойынша ұжымның іс-әрекеті басталып, дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Тәрбиешілер өз тобындағы балалардың белсенді қимылдарын жоспарлап, күн тәртібіне сәйкес жұмыстарды ұйымдастырып, ата-аналарға арналған кеңестер әзірлейді, балалармен жұмыс жасау үшін материалдар, көрнекіліктер таңдайды, ал тәрбиешінің көмекшісі тәрбиешімен бірге жаз мезгіліндегі іс-шараларды тиімді ұйымдастырып, өткізу үшін көмектеседі, ауыз сумен қамтамасыз етеді, шынықтыруға, ауданы тазалауға, ойыншықтарды жууға арналған құрал-жабдықтарды даярлайды. Медициналық қызметкер жарақаттанудың алдын-алу жұмыстарын жоспарлайды, балалардың өмірін қорғау мен сақтау жұмыстарын жүргізеді, аурудың алдын алады, алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қорынасын әзірлейді, балалардың дене дамуын ескере отырып шынықтырудың кешенін құрады, емдеу-профилактикалық шараларды жоспарлайды. Балалардың дене тәрбиесі мен тамақтану, шынығу жұмыстарына бақылау жасап, күн тәртібін бекітеді, сол бойынша жұмыс жасайды, жазғы сауықтыру жұмысымен таныстырып, балабақшаның жазғы сауықтыру-шараларының жоспарын бекітуге ұсынды.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Г.Саухимова алдағы айларда жүргізілетін жұмыстарға тоқталып өтті. Жаз мезгілінде 3 топ жұмыс жасайтынын, ересек топ балалары I маусымнан бастап ата-аналар өтініші негізінде балабақшадан шығарылатынын, тиісінше орнына 3 жасқа толған тәрбиеленушілер қабылданатынын, қызметкерлер маусым айының I-нен еңбек демалыстарына кететіндерін, жазғы сауықтыру жұмыстарын жоспарға сай жүргізу туралы айтып өтті.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. 2023-2024оқу жылының әдістемелік жұмысы қанағаттанарлық.
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілсін.

Недкенес төрайымы



Г.Саухимова

Недкенес хатшысы



Н.Жунисова

"Lampyris" saunoy bayuwan
Hawikuein bayuwan
Meyyayyu: Bayy D. bayuwan
Mogoma gnyey bayy M. bayuwan

